



Bilgil

Газет
1930 жылдың
қараша айынан
бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№5 (7742), 31 қаңтар, бейсенбі, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Осыдан тура бір апта бұрын мемлекет басшысы Әр аймақтан белсенді жастарды елорданың төріне жинап, атаулы жылдың ашылуымен құттықтап, бұл жылдың келешек ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өткен еді. Осы орайда Астанада бастау алған шараның жалғасы кеше аудан әкімі дастан сағыровтың «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы мәдениет және демалыс орталығында аудандағы дарынды оқушылармен және жалынды жастармен кездесуімен ұштасты.



«ЖАСТАР ЖЫЛЫ» БАЯНДЫ БОЛАШАҚТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ

Біздің ауданымыздағы білім саласы бойынша көрсеткіш деңгейі жоғары. Атап айтар болсақ, ауданымыз облыста білім сапасы бойынша 55% көрсеткіш көрсетсе, облыс бойынша дарынды оқушыларымыздың жетістіктері алдыңғы үштіктен орын алады. Тарқатып айтсақ, республикалық ғылыми жобалар бойынша 58 оқушы қатысып, 18 оқушы бірінші орынмен, 20 оқушы екінші орынмен, 8 оқушы үшінші орынмен марапатталған. Жалпы интеллектуалды ойын-сайыстарда аудан бойынша 1295

оқушының 475-і жүлделі орыннан көрінді. «Жастар жылы» аясында аудандық білім бөлімінің ұйықты болашағымен өткен «Менің елімнің болашағы – менің қолымда» атты шараға ауданның барлық мектептерінен өнерпаз оқушылар мен жас спортшылар және жас ғалымдар қатысты. Онда алғаш болып сөз алған аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы еліміздің болашағы бүгінгі жастардың қолында екендігін жеткізе отырып, барша оқушыларды бірінші кезекте білім алу керектігін баса

айтты. Одан кейін төртіпті түзеу арқылы еліміздің абыройлы азаматы болуға үндеп, жаппай оқуға шақырды. Сонымен бірге облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, жоғары нәтиже көрсетіп жүрген дарынды жастарды арнайы

Алматы» сайыстарында жүлделі орындардан көрініп жүр. Бүгінде жастар қозғалысының көрнекті ойындарының бірі «Жайдарман» ойындары. Тапқырлық пен сөз шеберлігін, өнер мен ізденісті қажет ететін өнерін түрінен біздің де жастарымыз кенде еместігін шара барысында көрсете білді. Әзілмен астарлап сөйлеген оқушыларымыз еріксіз шапалақ пен бірге жиылғандарды ду күлкіге қарық қылды. Ал, спорт мектебінің жас қаратзшы оқушылары аталған спорт түрінің іс-қимылдары арқылы баршамызды тәнті етті. Сонымен бірге кездесуге жиналған дарынды оқушыларымыз аудан өкіміне ғылыми жобаларын таныстырып, өз ұсыныстарын жеткізді. Жас ғалым М.Нұрқасова мен Ә.Есенов үйеңкі шырынының биологиялық және экономикалық маңызы жөнінде жобаларымен бөлісіп, үйеңкі орманын көбейту арқылы еліміздегі табиғи таза өнімді өндіру жұмыстарын жандандыруға ұсыныстарын білдірсе, Ойыл қазақ орта мектебінің оқушысы Олжас Жердемов «Түйе шаруашылығын дамытудағы жаңашылдық» бойынша өзінің ғылыми жобасымен таныстырды.

Шара соңында бірқатар оқушыларымыз аудан өкімінің балалық шарынан сыр тартып, өздерінің туған жерлерін көркейту жолындағы игі тілектерімен бірге ұтымды ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Р.С. Менде бүгінгі күннің жалынды жасы ретінде бір шараның өзінен қазіргі қоғамда бастамашылдық, шығармашылық және еңбекқорлық рухын көтеру керек деген ой түйдім.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АЛҒЫС ПЕН АБЫРОЙ БІІККЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖЫЛ

КЕШЕ АУДАН ӘКІМІ ДАСТАН САҒЫРОВ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА АУДАНДЫҚ ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ 2018 ЖЫЛДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӨНЕ 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӨРІГЕРДІҢ СӘНДІБЕК НҰРБАЕВ БАЯНДАМА ЖАСАСА, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ГҮЛБАРШЫН ЕСЕНБАЕВА ДӨРІГЕРЛЕР ТАРАПЫНАН ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.

Алдымен өткен жылдың жемісіне тоқталсақ, ауданның барлық саласы сияқты медициналық қамту қызметінде де орын алған оң өзгерістер көп. Бас дәрігер өз баяндамасында барлық деректерді өткен жылмен салыстыра отырып талдады. Рас, кейбір кемшілік түскен тұстары да бар. Бірақ, бұрынғы басты мәселе – кадр тапшылығы жойылып келеді. Бытырдың өзінде Ойылға алты жас дәрігер келді. Бұл атқарушы биліктің жас мамандарды қолдауының күесі деуге болады. Әсіресе, өлеуметтік мәселенің бастысы – баспанна жайының шешілуі. Яғни, мемлекеттік жағдарламалармен салынған, барлық коммуналдық жағдайы жасалған пәтерлердің дәрігерлерге кезексіз үйлерді сатып алуына жеңілдетілген несиелер берілуі «ауылға жастар бармайды» деген қағиданы бұзды десе де болғандай. Өйткені, Елбасы өткен жылғы Жолдауында «Медициналық қызмет сапасы халықтың өлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады» - деп баса айтқан еді.

Ең алдымен, әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап аурулардың емдеу ісін басқарудың жаңа тәсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезек-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын. Осы мақсатта-



рға келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс. Бұл 2020 жылға қарай бүкіл тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасауға, кезектерді, бюрократияны жоюға, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осыған дейін жасалған кардиологиялық және нейрохирургиялық класстерлердің тәжірибесін пайдаланып, 2019 жылы Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысын аяқтау керек. Сөйтіпша біз көптеген адам өмірін сақтап қаламыз, - деген Жолдаудағы Елбасы сөзінің жемісі қазірдің өзінде көрініс бере бастады. Тек біздің аудан үшін өзінше интернет жылдамдығының өлсіздігі қолбайлау болып отыр. Бірақ, бұл мәселе таяу уақытта шешімін табады. Өйткені, ауданға оптикалық-талшықты байланыс желісін тарту жұмысы биыл қолға алынбақ.

Ал, бас дәрігердің келтірген статистикалық деректеріне сүйенсек, ауданда демографиялық өсім бар. Ең бастысы өткен жылы ана өлімі мен сәбидің шетінеуіне жол берілген жоқ. Рас, кейбір созылмалы сырқаттардың кейінгі сатыларда анықталуы бұл дәрігерлердің кінесі емес. Адамдардың өз денсаулығына салғырт қарауынан болып отыр. Дегенмен, скринингтік тексеру арқылы алғашқы сатыларда анықталған сырқаттардың

нәтижелі ем алуына мүмкіндік туғызды. Тек, тұрғындарды флюорографиялық тексеруде кедегілер көп. Біріншіден арнаулы көлікті көрші ауданнан шақыру, екіншіден тұрғындардың сан түрлі шаруаны сылтау ретіп ауылуына барып тұрған флюорографиялық тексеруге бармауы бұл қызметтің көрсеткішін кері тартып қана қоймай, өлеуметтік сырқаттың асқынуына соқтырып отырған жайы бар.

Алайда, облыс өкімінің бастамасымен жүзеге асып жатқан «Туған жерге – тағзым» акциясына үн қосқан жерлестеріміздің үлесі көп. Оны мына бір деректерден-ақ көруге болады. Облыстық штаттан тыс бас балалар неврологі, нейрореабилитолог Әдемі Демеева Ақтөбе облысының әкімі Б.Сапарбаевтың «Бақытты бала» жобасы аясында, өз

жерлестеріне «Туған жерге тағзым» атты акциясын өткізді. Бір күн ішінде барлығы 45 бала қарап, 2 баланы мүгедектікке шығаруға, 12 баланы стационарға жатқызуға, 23 балаға амбулаторлық ем тағайындаса, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас хирургі Ерлан Сұлтангереев пен профессор Базылбек Жакиев, балалар хирургі Бақыт Медетбаевтар аудандағы өлеуметтік жағынан өлсіз топтың балаларына тегін сауықтыру оталарын жасап, жерлестерінің алғысына бөленді.

Кездесу барысында аудан басшысы дәрігерлердің кейбір сұрақтарына жауап беріп, ақ халатты жандардың абыройлы қызметі үшін алғыс білдірді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



Жастар жылы

БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН МҮМКІНДІК!

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «2019 - Жастар жылы» деп жариялауы жастарға үлкен мүмкіндік. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен біздің жыл, яғни "Жастар жылын" ресми түрде ашты. Осындай тарихи оқиғамен Қазақстанның барлық жастарын құттықтаймын! Біз үшін үлкен құрмет және жауапкершілік! Бірлескен күш- жігеріміз арқылы осы жыл біз үшін маңызды болып табылатындығын және мемлекет басшысының бізге берген сенімін бағалайтындығымызды көрсетейік. Мені ойымша, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "2019 жыл Жастар жылы" деп жариялауының өзі біз үшін үлкен мүмкіндік. Елбасымыз әрдайым жастарды қолдап, еліміздің болашағы жастардың қолында деп айтып жүреді. Жастардың өз күш жігерлерін көрсететін кез келген сияқты. Болашақ қазірден басталады, тарих бүгіннен жазылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Тәуелсіздік жылында талай жеңіске жеттік. Елімізді дүниежүзінің картасына енгіздік. Әлем таңданған Астанамызды тұрғыздық. Бірақ, ең негізгі жетістігіміз-сендерді, жаңа буынды тәрбиелеп шығардық», -деп сенім артып отыр! Ендеше үлкен мүмкіндіктер, биік армандар өлі алдымызда. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі-бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Біз жастар білім мен инновацияға құштар болсақ тек қана біктен көрінеміз. Елбасымыздың қолдауымен 2019 жылы мемлекет жастары жаңа әлемге жол салатынына сенімдімін. Мен де теңізге түскен тамшыдай өз үлесімді қосу мақсатында қажырлы еңбек етуге сөз беремін. Барлық жастарға табысты жыл болғай...



Әбділда САҒЫНОВ,

Ж.Жүсіпалиев атындағы

Ойыл қазақ орта мектебінің ағылшын тілі

пәнінің мұғалімі, «Достық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Менің де бесігім – ауыл

Астана қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Жастар жылының ресми ашылуында Тәуелсіздік ұрпақтары өздерінің жетістіктерімен және ұсыныстарымен бөлісті. Оның ішінде 23 жасында 21 мейрамхана ашқан кәсіпкер Расул Абдуллаев болашақта маркетингті дамытуды ұсынды. Ешкі сүті өндірісімен айналысып отырған Таммила Розметова «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының шалғайдағы жастарға жасалған жарқын жоба екенін атап өтті.

Мен 2017 жылы Ойыл аграрлық колледжін аяқтап, Темір ауданы, Алтықарасу ауылдық округіне «Дипломмен - ауылға» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналастым. «Туған жерді түлетсем!» - деген мақсатпен еңбек етіп, мемлекеттік қолдаудың аясында жүзеге асырылып отырған бағдарлама арқылы көтермеақыға қол жеткіздім. Алдағы уақытта баспана алуға да құжаттар тапсырдым.

Бүгінде ауылдық жерлерде мал шаруашылығымен айналысатын шаруалар жеткілікті. Ал, мал дәрігері мамандығы тапшы. Бүгінде елімізде ауыл шаруашылығына қажетті ветеинар, басқа да техникалық сұранысқа ие мамандықтарға гранттар саны көп бөлінуде. Сондықтан жастар мемлекет тарапынан бөлініп жа-



тқан тиімді мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану керек деп ойлаймын.

Биылғы жылдың «Жастар жылы» болып жариялануы біз үшін үлкен мәртебе. Осыған сәйкес, жастардың түрлі жобаларды жүзеге асыруына, жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысқа орналасуына, кәсіпкерлікпен айналысуына, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстануына бағытталған жұмыстар жүргізіледі деген ойдамын. Бүгінде біздің алдымызға қойылып отырған ортақ міндет – дамыған 30 елдің қатарына ену болса, осы жолда жастардың қосар үлесі зор.

Ислам АЙСАҰЛЫ.

ОТАН ҚОРҒАУ- АРДЫҢ ІСІ

Жылына екі дүркін Қазақстан азаматтарын әскери борышын өтеуге жинайтын маусымдық есепке көз жүгіртсек, әр маусымда орта есеппен елімізде 40 мыңға жуық бозбала шақырылса, осылардың үштен бірі ғана әскерге аттанады. Мысалы, өткен жылдың алғашқы шақырылымы кезінде әскер қатарына алынған 17 мыңға жуық сарбаздың 6000-нан астамы Қазақстан Қарулы Күштеріне, 7000 мыңға жуығы Ұлттық Ұлағна, 4000-ы ел шекарасын қорғауға, 300-і Мемлекеттік Қүзет қызметіне алынғаны жайлы ақпаратпен қанықты.

Ойыл ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мен жергілікті өкімшілікпен бірлесе отырып 2019 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет пен әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға сәйкес, азаматтарды тіркеу учаскелеріне алдын-ала шақырып, тізімдеу науқаны басталды. Қорғаныс Министрілігінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы №28 «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес шақырылатындар жасы 17-ге толған азаматтар. Мұндағы мақсат - алдағы күндері әскери борышын өтеуі тиіс бозбалаларды есепке алып, олардың саны мен әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау. Сонымен қатар шара кезінде шақырушылардың ма-

мандығы, алған білімі және денсаулық жарамдылығы жайлы толық ақпарат жинау мәселесі де бар. Нәтижесінде алдағы уақытта әскер қатарына алынатын азаматтардың жоспарлы тізімі анықталып, олардың денсаулық жағдайы сараптаудан өткен соң, жарамды деп табылған азаматтар маусымдық әскери шақыру науқанына дайын тұрады. Яғни, олар Отан қорғау жолындағы абыройлы парызын орындауға аттанады.

2018 жылы Ойыл ауданы бойынша 174 әскерге шақырылушы жігіттер әскери комисариатқа шақырылып, 126-сы дәрігерлік тексеруден өтті. Келмей жүрген әскерге шақырушылар мекен жайы бойынша аралап түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дегенмен әскери борышын өтеуден жалтаратын, дәрігерлік тексеруге келмейтін жастардың барлығы да рас. Ойыл ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі аудандық Ішкі істер бөлімімен бірлесе отырып іздестіру нәтижесінде 25 әскерге шақырылушы өкілінді. Осы септігі ата-аналар мен аға буыннан, білім қызметкерлерінен ер азаматтың міндетін жастарға түсіндіруді өтінеміз. Осы ретте Ойыл ауданнан әскер қатарында міндетін атқарып жүрген азаматтардың үлгілі сарбаз болып жүргенін де айта кету жөн.

Мирамбек ДУРИСИН,

Ойыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлім сержантаы.

БЖЗҚ-ДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫН АШУ РӘСІМІ ОҢАЙЛАТЫЛДЫ

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін жеке тұлғаға ЖЗШ ашу жөніндегі өтінішті рәсімдеу үшін БЖЗҚ-ға, оның ішінде Қордың веб-сайты арқылы жүгінудің қажеті жоқ. Енді жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу бойынша ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты Қордың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына (ҚР 26.12.2018ж. №203-VI Заңы) тиісті өзгерістер енгізілді.

Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (тегі, аты, өкесінің аты, жеке сыйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша сыйкестендіріледі. Ал жеке тұлғаның жеке

басын куәландыратын құжаттың деректемелері бойынша қажетті мәліметтерді Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алатын болады.

Еске саламыз, бұған дейін жеке тұлға МЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашу үшін шот ашу жөнінде тиісті өтінішті рәсімдеуге міндетті болатын. Ескере кететін жәйт, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша ЖЗШ ашу тәртібі бұрынғыша өзгеріссіз қалады. Айта кетелік, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) бар болған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналарын (өз пайдасына) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын БЖЗҚ сайтында онлайн тәртібінде ашуға болады. Бұл салымшылар мен алушылар үшін өте ыңғайлы.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және АҚ БЖЗҚ АҚ баспасөз орталығы

ционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

УПРОЩЕНА ПРОЦЕДУРА ОТКРЫТИЯ ПЕНСИОННОГО СЧЕТА В ЕНПФ

С 8 января 2019 года в соответствии с внесенными изменениями в пенсионное законодательство Республики Казахстан (ЗРК от 26.12.2018г. №203-VI) для открытия в ЕНПФ индивидуального пенсионного счета (ИПС) по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу не нужно обращаться в ЕНПФ с целью оформления заявления об открытии ИПС, в том числе посредством веб-сайта ЕНПФ.

В случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС по учету ОПВ счет будет открываться в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса.

При этом идентификация физического лица будет осуществляться по персональным данным (ФИО, ИИН, дата рождения), указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, а все необходимые сведения о реквизитах

действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ будет получать из информационных систем государственных органов.

Напоминаем, что ранее для открытия ИПС по учету ОПВ физическому лицу необходимо было оформить заявление об открытии ИПС. Отметим, что порядок открытия ИПС по учету обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов остается прежним. При этом для удобства вкладчиков (получателей) открытие ИПС по учету добровольных пенсионных взносов (в свою пользу) возможно осуществить онлайн на сайте ЕНПФ при наличии актуального ключа ЭЦП.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государ-

ственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом, который возглавляет Президент Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ БОЙЫНША КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Ойыл аудандық мәслихаты Ойыл ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру бойынша Жұмыс тобының мүшелігіне конкурстық іріктеуден өтуге ниет білдіруші, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтардың арасында конкурс өткізілетіндігі туралы хабарлайды.(31.01.2019-13.02.2019, 10 жұмыс күні)

Конкурсқа қатысу үшін коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтар, Жұмыс тобының мүшелігіне конкурстық іріктеуді өткізу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстарды, 2019 жылғы 31 қаңтардан бастап 13 ақпанға дейін, аудандық мәслихатқа жолдайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері белгіленген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) нысан бойынша өтініш (азаматтар және өзін-өзі ұсынушылар үшін);
- 2) жұмыс тобының мүшесіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Коммерциялық емес ұйымдардан және азаматтардан ұсыныстар жазбаша түрде мына мекен-жай бойынша қабылданады: «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ, 030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43, І- қабат, сағат 09.00-ден 18.00 дейін, үзіліс 12.30-дан 14.00 дейін, анықтама үшін телефондар: 2-13-70, 2-11-78. электрондық пошта – maslihat.uil@mail.ru

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДШАРЛАМАР БОЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2018 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІЛІМІ

№ р/р	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің коды	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Көрсетілетін қызметтің алушы (жеке және тұлға) туралы мәліметтер	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Өтініштер қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдардың атауы және «электрондық үкіметтің» веб-порталына көрсету	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны (электронды/қағаз түрінде)	2018 жылы көрсетілген қызметтер саны
1	00404002	Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	9 баланың отбасына 568,2 мың теңге
2	00701002	Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру	Жеке тұлғалар	Халықты жұмыспен қамту орталығы	Халықты жұмыспен қамту орталығы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	1612 жолдама берілді
3	00703003	Мынадай әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау: еңбекке қабілеттілігін жоғалту, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүкті болу мен босануға байланысты табысынан айырылу, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу	Жеке тұлғалар	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры және оның филиалдары	Мемлекеттік корпорация, ЖАО, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	-
4	00704002	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	ауылдық округ әкімі, «Халықты жұмыспен қамту орталығы» МҚМ	қағаз түрінде	1469 адамы бар 269 отбасына 58,754 млн теңге
5	00704004	Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	ЖАО, ауылдық округтің әкімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	852 адамға 28618,4 мыңтеңге көлемінде көмек көрсетілді
6	00704005	Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сапа мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, ауылдық округ әкімі	қағаз түрінде	Мамандарға 1267 өтініш бойынша 12188,5 мың теңге көмек тағайындалды
7	00704006	Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	қағаз түрінде	-
8	00704009	Ақталған адамға куәлік беру	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация	Қағаз түрінде	-
9	00705002	Мүгедектерге протездік-ортонедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды рәсімдеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	31 адамға жолдама берілді
10	00705003	Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	101 адам құралдармен қамтылды
11	00705004	Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту кемістігі бар мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды рәсімдеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	2 өтініш бойынша қызмет көрсетілді
12	00705005	Мүгедектерге кресло-арбалар беру	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	7 адамға берілді
13	00705006	Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	20 адамға жолдама берілді
14	00705007	Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	29 адамға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілуде
15	00705008	Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар рәсімдеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, ЖАО	Қағаз түрінде	-
16	00706002	Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, «Халықты жұмыспен қамту орталығы» МҚМ, ЖАО, ауылдық округтің әкімі, «электрондық үкімет» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	Анықтама 8 адамға берілді
17	00706005	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу	Жеке тұлғалар	Халықты жұмыспен қамту орталығы	Мемлекеттік корпорация, халықты жұмыспен қамту орталығы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	1461 адам тіркелді
18	00706006	Жұмыссыздар ретінде жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Халықты жұмыспен қамту орталығы	қағаз түрінде	1078 адам тіркелді
19	00706007	Жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы анықтама беру	Жеке тұлғалар	Халықты жұмыспен қамту орталығы	Халықты жұмыспен қамту орХалықты жұмыспен қамту орталығыталығы	қағаз түрінде	-
20	02701001	Тұрғын үй көмегін тағайындау	Жеке тұлғалар	Жергілікті атқарушы орган	Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкіметтің» веб-порталы	Электронды/қағаз түрінде	-

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1725 дана. Тапсырыс №52 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«А-Полиграфия» баспаханасында басылды. Т.Рысқұлов көшесі, 190.

Басылу сапасы жөнінде 56-21-54 телефонына хабарласуға болады.

ТӘРТІПКЕ БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ...

Дүниедегі ең ауыр және ең маңызды іс-адам өсіріп жетілдіру. Бір адамның жетілуін де көптеген факторлардың өсері болады. Бұлардың ішінде ең маңыздылары: жанұя, қоршаған орта, оқу орны және бұқаралық ақпарат құралдары. Адамның жақсы өсіп жетілуі үшін ешбір шығыннан және қиыншылықтан қашпағандар жетістіктің және мәдениеттің шыңына көтеріледі. Мемлекетіміздің адамның өсіп жетілуі үшін ең маңызды рөлді атқаратын факторларды қолға алуда. Өйтсе де ербір ата-ананың да өз кезегінде бала тәрбиесіне атсалысуы, қарап жатпауы маңызды мәселе.

Ата-ана бала тәрбиесінде басты тұлға. Сондықтан да өке де, ана да балалардың бос уақытынан қалай өткізетінін бақылап, зерігулеріне жол берілмеуі керек, егер балалар не істерін білмей босқа сенделіп жүретін

болса, олар тәртіп бұза бастайды, бетімен кетуге әдеттенеді. Бос уақытты өткізудің жақсы түрі-мектеп өміріне араласуға ықпал ету, қоғам жұмыстарына қатысуларына ықпал жасау болып табылады. Қоғамдық тәрбиені отбасының тәрбиесімен ұштастыру тамаша ұрпақты қалыптастырады.

Бала - ер жанұяның бақыты. Баланың бойына жақсы қасиеттерді дарыту ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ата-аналардың ештеңеден қателесуге құқығы жоқ. Бала – адамзаттың өміріндегі ең қымбаттысы, көзқуанышы. Олардың болашақта қандай тұлға болып қалыптасуы ата-ананың қолында екенін ұмытпайық ағайын!

Т.ҚАЛПИЗОВА,
Ойыл қазақ орта мектебінің
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы.

АЛҒАШҚЫ ҰБТ НӘТИЖЕСІ

Биылғы жылдың басталысымен қатар келген Ұлттық бірыңғай тестілеудегі өзгеріс оқушыларды бір серпілтіп алды. Қаңтар айының 15-20 аралығында алғаш рет өткізілген ҰБТ-ға ауданымыздан 54 бала қатысты. Бұл дегеніміз мектеп бітіргелі отырған оқушылардың 30 пайызы.

«2019 жылдан бастап ҰБТ 4 рет өткізіледі. Оқушыларға қаңтар, наурыз айында ақылы түрде ақылы оқуға түсетін тестілеуге қатысуға мүмкіндік боға. Сонымен қатар олар бұл ақылы оқуға түсуге арналған тестілеуге қатыса отырып, маусым айында негізгі ҰБТ тапсыру және білім гранттарын тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін жоғалтпайды. Сондай-ақ тамыз айында ақылы түрде тағы бір мүмкіндік берілетін»,- туралы ақпарат республикалық БАҚ-та, «Ойыл» аудандық газетінде, аудандағы барлық әлеуметтік желілерде кеңінен тарайды. Сондай-ақ аудан орталығында орналасқан Ойыл аудандық филиалының басшысы мен сарапшысы жалпы білім беретін 13

мектептің 11 сынып бітіргелі отырған түлектерімен және ата-аналармен жиналыстар өткізіп, ақпаратты кеңінен түсіндірді.

Енді наурыз айында өтетін ҰБТ-ға құжат қабылдау басталады. Құжаттарды қабылдау уақыты 1-15 ақпан. Тестілеуді өткізу уақыты 24-29 наурыз. Маусым айына дейін ұлттық бірыңғай тестілеу тапсыру арқылы оқушы бейіндік пәндердің комбинациясын өзгертуге мүмкіндік алады. Мысалы, қаңтар айында дүниежүзі тарихы-географиядан тапсырып, бағын сынап көрсе, наурыз айында математика-физикадан өз деңгейін анықтауына болады. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» демекші, негізгі (маусым) ҰБТ-ға дейін өз білімдерін қайта тексереді. Тестілеуді өткізудің шарттары мен белгіленген ережелеріне белімделеді. Және де жоғары оқу орнының ақылы бөліміне таңдаулы сертификатпен қабылданады.

Ә.ШӘКЕНОВА,
Ойыл аудандық
филиалының басшысы.

«Ұлы даланың жеті қыры»

АТ СПОРТЫ АУЫЛ БАЛАСЫНА ЖАТ ЕМЕС

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзінде Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атқа міну мәдениетіне ерекше тоқталып өтті. Өйткені ата-бабамыз атқа міну мәдениетін мен салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге өкелді. Төрі, киіз, кендір, жүннен жасалған киім мен ер турмандар салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Қазірге дейін жеткен киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады.

Тарих сахнасының қай кезеңіне көз жүгіртсек те, «қазақтар» ат үстіндегі жауынгер халық аталады. Өйткені жабайы жылқыны алғаш қолға үйреткен де қазақтар екені нақты дәлелденген. Міне оның айғақты көрінісі бабалардан жалғасып келе жатқан ат үстіндегі ұлттық ойындарымыз. Қазіргі таңда ат үстіндегі ұлттық ойындарымызды дәріптеп жүрген жастарымыз көп емес. Бұл жерде атқа мінуге машыктанбаған дегендік емес. Өрине ауылдың ер баласы ат құлағына ойнайтыны рас. Өйтсе де ұлттық ойындардың ережелерінен бейқам келеді. Оның басты себебі бұрын ат спортына деген қолдаудың аздығы. Тек соңғы жылдары ғана жанданып, яғни Елбасымыздың «Рухани Жаңғыру: Болашаққа бағдар», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларынан кейін орасан қолдауға ие болған ат спортынан біздің де жастарымыз кенде еместігін байқадық. Солардың бірі аударыспақтан спорт шеберлігіне үміткер, бір кездері тұз тағысын тірпей ұстап, талайға таңдай қақтырған марқұм Смағұл қарияның немересі Ринат Смағұлов. Ринатты атасы 4-5 жасынан бастап атқа отыруға үйреткен. Алайда ауылдастары аңшының немересі атқа мінесе таңырқайтын несі бар десе керек. Оны елемеген ойын баласы үшін атасының алдынан шығып атқа міну тіптен қызық еді. Осылайша атқа мінуге өбден шыныққан Ринат он жасынан бастап ауылдың асауларын үйреткен. Кейін Ш.Берсиев атындағы Қаратап орта мектебінен 9 жыл білім алып, Ақтөбе техникалық колледжіне оқуға түседі. Алайда асау мініп, ит жүгірткен ауыл баласы үшін қаланың тірлігіне үйренісіп кету бірден



оңай болмайды. Ауылды, бір жағынан ат жалын аңсаған Ринат Болатбекұлы аударыспақтан Азия, Қазақстан чемпионы Шыңғыс Ержанов деген азаматқа жолығып, аталған ұлттық спорт түріне қатысып, үйренісіп келетінін айтады. Ринаттың атқа отыру шеберлігіне төңті болған Шыңғыс Ержанов оны бірден қабылдайды. Осылайша Ринат Смағұловтың негізгі мамандығы көлік құралдарына қатысты болғанымен, көп уақытын ат спортына арнайды. 16 жасынан бастап аударыспақ ойынының қыр-сырын меңгерген Ринаттың облыстық деңгейдегі жарыстардан жеңіске деген жол ашылады. 60 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Елордамыз Астанадан және Ақтөбе, Тараз, Шымкент, Маңғыстау облыстарынан екінші, үшінші орындарды еншілейді. Сонымен бірге жиырмадағы жас жігіт Ринат Болатбекұлы облыстық деңгейдегі құрмақ команданен бірге көкпар тартудан да топ жарып жүр. Ринаттың айтуынша ол атқа отырып топқа түскенде өкесі Болатбек пен анасы Бағдагүл үйлерінде тақымын қысып, баласына үлкен үміт артып отырады екен. Ол сондықтанда «жарысқа шыққанда үрей, қорқынышты сілкіп тастап, жеңіске ғана ұмтылмай», - дейді. Ендеше бізде Ринаттың чемпион атанып, ауданымыздағы ат спортын дамыта беруіне үлкен сенім артамыз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒА ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
қ/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Қабылдайтын күні, уақыты	Орыны	Байланыс телефоны
1	Өткелбаев Сансызбай Өткелбайұлы	Әр айдың екінші аптасының сәрсенбі күні, сағат 10.00-ден 12.00-ге, 15.00-ден 17.00-ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі 43, Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты 1-қабат қабылдау бөлмесі	2-11-65

ЕСКЕРТУ: Ауылдық жерден келген азаматтарға ер аптаның бейсенбі күндері кезектен тыс қабылдау сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін жүргізіледі.

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдау-ды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ	Айдарбаев Муратбай Болатұлы, бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат: 9.00 – 12.30-ға дейін	Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі №43	8(71332) 21153

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ойыл аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметкерлері тарапынан жемқорлық, құқық бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, **«Сеним телефоны» 2-11-53, 2-20-19** нөмірлеріне хабарласу сұралады және мекемеде арыз-шағымдарға арналған жолшық орналасқанын хабарлаймыз.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Облыс әкімі Б.Сапарбаевтың төрағалығымен өткізілген құқық бұзушылық профилактикасының ведомствоаралық комиссия отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында Ойыл аудандық білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарындағы құрылған барлық қамқоршылық кеңесінің отырыстары өткізілді.

Кеңес отырысында «Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстық алдын алу

шаралары», «Педагог мәртебесі туралы Заң жобасын талқылау» мен «Бос білім беру ұйымдары басшылары тағайындаудағы қамқоршылық кеңесінің ролі» сынды мәселелер талқыланды. Кеңес мүшелері айтылған мәселелер бойынша ой қозғап, ұсыныстарын айта отырып, шешім шығарды.

Гүлмира ЖАҚЫПБЕКОВА,
аудандық білім
бөлімінің әдіскері.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ – ПАРЫЗ!

Жақсылық жасау адамгершіліктің бастауы. Биылда Құрман орта мектебінде 10-қаңтар мен 10-ақпан аралығында дестүрлі республикалық «Қамқорлық» акциясы өз жалғасын тапты.

Акция шеңберінде іс-шаралар жоспары жасалып, мектеп директорының бұйрығымен құрылған комиссия мүшелері жоспар негізінде жұмыстар атқарды. Аталмыш шараның мақсаты әлеуметтік жағдайына байланысты мектепке бара алмай отырған, көмек қажет ететін оқушыларды қолдау. Межірімділікті насихаттау.

Нәтижесінде мектеп мұғалімдері мен оқушыларының қолдауымен әртүрлі шаралар өтті, соның ішінде атап өтетін болсам «Шын жүректен» атты қайырымдылық концерті ұйымдастырылып, жәрмеңке жасалып, 5 оқушыға оқу-құралдарынан және 2 оқушыға қысқы аяқ киімінен көмек берілді.

Біз бұл шара арқылы жас ұрпақтың бойында жақсылық жасау қасиеттерін оятып қана қойған жоқпыз аталмыш акцияға аз да болса өз үлесімізді қостық, көмек қажет ететін оқушыларға көмектестік. Қай уақытта да жақсылықтың жаршысы боп жүретін ұстаздар қауымы бұл жолы да қолдау көрсетті.

Э.ҚАЛДЫҒҰЛОВА,
Құрман орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

«100 ЕСІМ» ЖОБАСЫ БІЗДІҢ МЕКТЕБІМІЗДІ

Елбасының «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» мақаласында жастардың білім алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасы ұсынылған болатын. Бұл жоба жайында Елбасы «Жастар өмірге шынайы кезбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек»- деп ескерткен еді.

Осы мақсатта Саға мектеп-балабақшасында «100 есім» атты апталық жұмыс өтті. Апталық жұмыста сыныптарда түрлі іс-шаралар жүргізілді. Атап айтсақ, бастауыш 3-4 сыныптарда ашық тәрбие сағаттары бейнесюжет көрсетілді. 3-сыныпта жетекшісі Ж.Татебаева «Жаныңда жүр жақсы адам» атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізді. Сынып оқушылары Қазақстандағы «100 есім» үлгісіне кірген адамдармен танысты және ақтөбелік азаматтарды атады.

Г.Бікірова 4-сыныппен «Ел танытар пір тұлғалар» - деген тақырыпта Ақтөбе облысынан шыққан есімдер туралы айту, жаңа ұғым туралы мәлімет беріп, түсінік қалыптастыру мақсатында танымдық сабақ өткізді.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ!

ЕЛБАСЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВ ӨЗІНІ «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫНДА «МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ БІР КҮШІ БОЛУЫ ТИІС» - ДЕП АТАП ӨТКЕН БОЛАТЫН. СОНДЫҚТАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІ БАРШАМЫЗ БІРІГІП ЖҮРГІЗУІМІЗ ҚАЖЕТ. СЕБЕБІ, «ЖАЙҒЫЗДЫҢ ҮНІ ШЫҚПАС, ЖАҒАУДЫҢ ШАНЫ ШЫҚПАС» - ДЕГЕНДЕЙ, БАРШАМЫЗ БІРАУЫЗДАН АТСАЛЫССАҚ, БІР НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕТІНІМІЗ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ.

Сыбайлас жемқорлық мәселесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын, нарықтық экономиканың толыққанды қалыптасуын, инвестициялар таратуды тежеп, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері өсер етіп, мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіреді, елдің болашағына айтарлықтай қауіп төндіреді. Мемлекеттік қызмет жүйесінде жемқорлықтың туындауы құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру-бақылау, психологиялық, мәдени-әлеуметтік себептермен байланыстырылады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы және жемқорлықпен күрес және оны жою мақсатында Ойыл аудандық соты қызметкерлері бірқатар шаралар атқаруда. Атап айтқанда сыбайлас жемқорлық зардаптары және келтіретін зияны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы жоспар құрып, аталған жоспар не-

гізінде тиісті шараларды орындауда.

Сонымен қатар аудандық сотта судьялар мен сот қызметкерлерінің тараптармен прощестен тыс қарым-қатынасына жол бермеу үшін сот ғимаратында жүріп-туру ережесі жасақталған. Жемқорлыққа қатысты мәселе туындаған жағдайда азаматтардың шағымдану мүмкіндігін қамтамасыз етілген. Барлық сот процестері дыбыс-бейне жазба құрылғыларын қолдану арқылы жүргізіледі. Осы аталған шаралардың өзі де сыбайлас жемқорлықтың азынауына өкп соқтыраы анық. Яғни ашықтық бар жерде сыбайлас жемқорлық фактілеріне орын болмайды деп есептеймін. Сыбайлас жемқорлық мәселесі қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан аталған мәселемен күресуде барлығымыз өз үлесімізді қоссақ ғана тиісті нәтижесін берері анық.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының
аға сот приставы.

АСЫЛБЕК - ОБЛЫСТЫҢ ЧЕМПИОНЫ

Жаңа жыл Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі үшін бізге балғым балуандардың туғырылы жетістіктермен басталды. Олай дейтін себебіміз қаңтардың ортасында Ақтөбе қаласында өткізілген қазақ күресінен 2004 – 2005 жылы туған жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысы чемпионына біздің жерлес 6 балғып палуан қатынасып, боз кілемде бақтырын сындап. Ақтөбе қаласы және Ойыл, Мөртөк, Алға, Қобда, Байғанин, Ырғыз аудандарынан 400-ге жуық жас палуан қатынасқан чемпионатта 55 қ салмақ дәрежесінде дәю-до күресінен СШҰ, мектебіміздің тәрбиеленушісі Айбекұлы Асылбек чемпион атанып, Қазақстан Республикасы чемпионына жолдама алды. Жеңіске жеткен жас палуандар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мақтау қағаздарымен медалдарымен марапатталды.

Г.ТАҢЖАРБАЙЫЗЫ,
Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

ӨРТ ҚАҰІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімімен түрлі сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді. Соның ішінде тұрғын үй секторында өрттерді болдырмау мақсатында Ойыл аудандық №14 өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерімен бірлесіп тұрғын үй аумақтары араланып, тұрғындарға 11 түрлі тақырыпта 10700 дана жадынамалар мен парақшалар таратылды. «Қазпошта» АҚ Ойыл аудандық пошта байланыс торабы арқылы ауылдық округтерде таратылатын газеттермен қоса 2500 дана және «Қазақтелеком» АҚ, «Ақт-өбэnergоснаб» ЖШС мекемелері арқылы төлемақы төлеу түбіртегімен 1800 дана ескертпе жадынамалары жеткізілді. Сонымен қатар аудандық «Ойыл» газетінде өрт қауіпсіздігі бойынша 22 мақала жарияланды.

Алайда, екінішке орай ауданымыз-

да 2018 жыл ішінде 19 өрт оқиғасы тіркеліп, 2017 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 42%-ға көбейіп отыр (2017 жылы 11 өрт). Орын алған өрттердің басым бөлігі тұрғындардың от қолдану кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауға немқұрайлы қарауынан (17 жағдай) және 2 жағдай автокөлік құралдарында орын алды. Сонымен қатар 2019 жылдың басталысымен қаңтар айында 1 өрт оқиғасы тіркеліп отыр. Себебі – электр тоқ желісін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау. Жоғарыдаларды сарапайт келе аудан тұрғындарынан өрт қауіпсіздігін сақтау қай уақытта да маңызды екендігін ескертеміз!

Д.ӨЛҒАСЫРОВ,
Ойыл ауданының төтенше
жағдайлар бөлімінің
бас маманы, азаматтық қорғау
капитаны.

ҚР ҚДМ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҰЕҰ ДЕРЕҚҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті Үкіметтік емес ұйымдар дерекқорына мәліметтерді ұсынуудың кезекті есеп кезеңінің өтуі туралы хабарлайды. Ағымдағы жылы 31 наурыз жексенбіге түскеніне байланысты ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну мерзімі 2019 жылғы 1 сәуірде аяқталады (*ҚР Азаматтық кодексінің 175-бабына сәйкес өеер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады*).

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (*саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда*), *коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда)*, қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне info@pkz. веб-порталында электрондық есептілік нысанын уақтылы толтыруды ұсынады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҰЕҰ дерекқорында тіркелу мемлекеттік әлеуметтік тапсырсы және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҰЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

ҰЕҰ қызметі туралы мәліметтерді электрондық түрде info@pkz. веб-портал арқылы ұсыну үшін Халыққа қызмет көрсету орталығының жақын жердегі бөлімшесінде (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет.

Интернет арқылы тапсыруға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін мәліметтерді пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз және электрондық тасығыштарда (DOC, DOCX форматында CD-дискілерде немесе USB-флэш-жинақтағыштарда) тапсыру мүмкіндігі қалды.

ҰЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекенжайға жіберу қажет: *010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.*

ҰЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

МОР РК ИНФОРМИРУЕТ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ О СДАЧЕ СВЕДЕНИЙ В БАЗУ ДАННЫХ НПО

Комитет по делам гражданского общества Министерства общественно-го развития РК информирует об очередном отчетном периоде предоставления сведений в Базу данных НПО. Срок предоставления организациями сведений о своей деятельности в текущем году истекает 1 апреля 2019 года, в связи с тем, что 31 марта выпадает на воскресенье (*согласно ст.175 Гражданского кодекса РК, если последний день срока приходится на нерабочий день, днем окончания срока считается ближайший следующий за ним рабочий день*).

В связи с этим, неправительственным организациям в форме частного учреждения, общественного объединения (*за исключением общественных объединений, созданных в виде политических партий, религиозных объединений и профессиональных союзов*), некоммерческого акционерного общества (*за исключением некоммерческих акционерных обществ, учредителем или акционером которых является государство*), общественно-го, корпоративного и частного фондов, объединения юридических лиц в форме ассоциации (союза), а также филиалам и представительств иностранных и международных некоммерческих организаций, осуществляющих деятельность на территории Республики Казахстан, рекомендуется своевременно заполнить электронную форму отчетности на веб-портале info@pkz.

Напоминаем, что в согласно действующего законодательства, регистрация в Базе данных НПО является обязательным условием для участия в конкурсе на реализацию социальных программ и (или) социальных проектов в рамках государственного социального заказа и государственных грантов, а также на получение премии для НПО.

Для предоставления сведений о деятельности НПО в электронном виде через веб-портал info@pkz. необходимо получить электронную цифровую подпись (ЭЦП) в ближайшем отделении Центра обслуживания населения (ЦОН).

Сдача сведений через почту либо нарочно на бумажном и электронном носителях (CD-дискис либо USB-флэш-накопители в формате DOC, DOCX) остается как альтернативный вариант для тех граждан, у кого нет возможности сдать сведения через интернет.

Сведения о деятельности НПО через почту либо нарочно необходимо направлять с сопроводительным письмом по адресу: *010000, г.Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 15, Комитет по делам гражданского общества Министерства общественного развития Республики Казахстан.*

За несвоевременное представление сведений в Базу данных НПО предусмотрена ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Досовтар әулетіне	аяулы апалары Рыстының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.
---	--

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі ұжымы аяулы апамыз, өлкетанушы, облыстық тарихи-өлкетану музейінде аға ғылыми қызметкер болған, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері	Досова Рысты Кемелханқызының қайтыс болуына орай, бауырларына, ағайын-туыс, жекжаттарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Рухани қолдаушымыз, ақылшымыз, өз туған жерін сүйе де, құрметтей білген Рысты апамыздың бейнесі мені біздің есімізде сақталады.
---	---

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауаш кәсіподақ ұйымы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жоламанова Шамшырақ Сәдуақасқызына аяулы анасы, мәдениет саласының ардагері	Әлижанова Рахиланың өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
---	--